

# BRAUN






## MultiQuick 9



Type HB901A1



Register your product  
[www.braunhousehold.com/register](http://www.braunhousehold.com/register)




Hand blender











220-240V~ 50/60 Hz 1000-1200W

\* certain models only











D














		Parmesan						
max.	300 g	200 g	30 g	200 g	20	200 g	250 g	350 g
imode								
⌚ sec.	10	15	15x	5	10	10	5	20

E












		Parmesan							
	2 cm	2 cm							
max.	700 g	500 g	40 g	4	500 g	600 g	400 g	600 g	600 g
imode									
sec.	15-30	20-60	15	60	10-15	30-60	40	10-15	15







							
							
max.	500 g	500 g	300 g	500 g	500 g	300 g	500 g
imode							
⌚ sec.	60				60		

F





2000 ml
















		Parmesan 							
imode									

G










imode			

**H**



## Қазақ

Біздің өнімдеріміз сапасы, жұмысы және дизайны жағынан барлық стандарттарға жауап береді. Жаңа Braun құрылғысын игілігіңізге қолданыңыз.

## Пюре жабдығы

Құрылғыны пайдалану алдында пайдаланушы нұсқаулығын мұқият оқып шығып, болашақта анықтама алу үшін сақтап қойыңыз. Бүкіл орауыш пен жапсырмаларды алып, тиісті түрде қоқысқа лақтырыңыз.

### Ескертпе



- Жүздер өте өткір болады! Жарақаттануды болдырмау үшін жүздерді сақтықпен қолданыңыз.
- Өткір кескіш пышақтарды ұстаған, шараны босатқан және тазалаған кезде абай болу қажет.
- Қимылдау, сезіну немесе ойлау қабілеті шектеулі және тәжірибиесі мен хабары жоқ тұлғаларға, құрылғыны қауіпсіз түрде қолдану жайлы нұсқаулықтар берілген жағдайда және төнетін қауіпті түсінген жағдайда ғана қолдануына рұқсат етіледі.
- Балалар құрылғымен ойнамауы тиіс.
- Бұл құрылғыны балалардың қолданбауы тиіс.
- Балалар құрылғы мен оның қуат сымынан алыстатылуы тиіс.
- Тазалау және техникалық қызмет көрсету балалар тарапынан бақылаусыз орындалмауы тиіс.
- Қараусыз қалдырылса және жинау, бөлшектеу, тазалау немесе сақтауға қою алдында әрқашан құрылғыны розеткадан суырыңыз.
- Егер қуатпен қамту сымы зақымдалған болса, жарақатты болдырмау үшін ол өндіруші, оның қызмет көрсету агенті немесе ұқсас өкілеттігі бар тұлғалар тарапынан ауыстырылуы тиіс.

- Құрылғыны ағытпаға қоспас бұрын, ағытпаның қуат күші құрылғыда көрсетілген қуат күшіне сай екеніне көз жеткізіңіз.
- Бұл құрылғы үй шарусында қолдануға ғана арналған және тағамдарды үй шаруасына қажетті мөлшерде ғана қолдану қажет.
- Ешбір бөлшекті қысқа толқынды пеште пайдаланбаңыз.
- Алғаш рет пайдаланар алдында немесе қажет болған кезде, «Күтіп ұстау және тазалау» бөлімдеріндегі нұсқауларға сүйеніп, барлық бөлшектерін тазалаңыз.

## Бөлшектер және керек-жарақтар

- режим селекторы
  - жоғары жылдамдық
  - төмен жылдамдық
  - импульс
- Қауіпсіздік түймесі
- Ақылды жылдамдық ауыстырғыш/өртүрлі жылдамдықтар
- Мотор бөлігі
- EasyClick Plus босату түймелері
- ActiveBlade саптамасы
- Қақпағы бар өлшер стақан
- Араластырғыш жабдығы
  - Беріліс қорабы
  - Араластырғыш
- Пюре жабдығы
  - Беріліс қорабы
  - Пюре саптамасы
  - Қалақша
- 500 ml турау жабдығы «тс»
  - Қақпақ (тартпасы бар)
  - Турау жүзі
  - Мұз жарғыш
  - Турау ыдысы
  - Сырғуға қарсы резеңке сақинасы
- 2000 мл тағам комбайны жабдықтары XL, текшелерді кесу құралы бар «fpl»
  - Қақпақ (беріліс қорабы бар)
  - Мотор бөлігінің қосқышы
  - Итергіш
  - Мұржа
  - Қақпақ бекітпесі
  - Шашырандылардан қорғағыш
  - Тағам комбайнының ыдысы
  - Сырғуға қарсы резеңке сақинасы
  - Турау жүзі

- j Турау жүзінің қақпағы
  - k Қамыр құралы (FP)
  - l Илеу ілгегі (текше турағыш)
  - m Текше турағыш жүз
  - n Текше турағыш негізі
  - o Тазалау итергіші
  - p Тілімше ұстағышы
    - (i) Кесу тілімшесі (жіңішке, ірі)
    - (ii) Ұсақтау тілімшесі (жіңішке, қатқыл)
    - (iii) Ұзыннан кесу тілімшесі
  - q Фри картобына арналған диск
  - r Диск оқпайны
- 12 Сақтауға арналған тұрғы

## Құрылғыны қалай қолдану керек

### Әртүрлі жылдамдықтарға арналған ақылды жылдамдық ауыстырғышы

Бір рет басу - барлық жылдамдықтар. Басқан сайын жылдамдық үдей түседі. Жылдамдық неғұрлым жоғары болса, араластыру және турау нәтижелері соғұрлым жылдам әрі жіңішке болады.

Бір қолмен жұмыс істеу: ақылды жылдамдық ауыстырғышы (3) құрылғыны қосу және жылдамдықты бір қолмен басқару мүмкіндігін береді

### Қол блендерін қолдану

Алғашқы қолданыс: Тасымалдау құлыбын мотор бөлігінен (4) қызыл белбеуді тартып ажыратыңыз.

### Қосу (A)

Құрылғының режим селекторы (1) және Smartspeed ауыстырып-қосқышын босатуға арналған (3) қауіпсіздік түймесі (2) болады. Құрылғыны іске қосу үшін нұсқауларды орындаңыз.

- Жоғарғы жақтағы күміс бөлікті басу арқылы 3 түрлі режимнің біреуін (жоғары жылдамдық, төмен жылдамдық, импульс) таңдауға болады.
- 3 режимнің көмегімен тамақты өңдеу жолын таңдай аласыз. Режим селекторының шамы ақ түспен жанып, таңдалған режимді көрсетеді.
- Жоғары жылдамдық (1a) қолжетімді толық жылдамдықты береді. Бұл режимнің стандартты күйі.
- Төмен жылдамдық (1b) тіпті Smartspeed ауыстырып-қосқышын толығымен бассаңыз да, жылдамдықты азайтады.
- Қағыс режимін (1c) тағамның ірі кесектерін бөлу үшін немесе тураған кезде тағамның

- біркелкілігін бақылау үшін пайдалануға болады. Қуаттың қысқа бөліктері үшін Smartspeed ауыстырып-қосқышын басыңыз.
- Режимді таңдаудан кейін басбармақпен қауіпсіздік түймесін (2) басыңыз.
- Ақылды жылдамдық ауыстырғышын дереу басып, қалаған жылдамдықты таңдаңыз. ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН: Егер ақылды жылдамдық ауыстырғышын 2 секунд ішінде баспасаңыз, қауіпсіздік мақсатында құрылғы қосылмайды. Қауіпсіздік түймешігі шамы қызыл болып жығықтайды. Құрылғыны қосу үшін алғашқы қадамды қайта орындаңыз.
- Жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік түймесін басып тұру қажет емес.

Басқару шамы	Құрылғы / Жұмыс күйі
Қауіпсіздік түймесінің шамы қызыл түспен жыпылықтайды	Құрылғы қолданысқа дайын.
Қауіпсіздік түймесінің шамы өшірулі	Құрылғы босатылды (ауыстырғыш босату түймесі басылған кезде) және оны қосуға болады.
Күту режимі 10 минуттан кейін болады. Барлық шамдар өшірулі.	Кез келген түймені басса, құрылғы қайтадан белсенді болады.

### ActiveBlade саптамасы (B)

Қол блендері ActiveBlade саптамасымен жабдықталған, сол арқылы пышақ табақтың түбіне дейін ұзарады. Реттеулер араластыру мақсатында қажет болатын қысымға байланысты автоматты түрде жасалады. Әсіресе, шикі жеміс пен көкөністер сияқты қатты тағамды араластыру үшін қолайлы.

Тұздықты, дәмдеуіштерді, салат дәмдеуіштерін, көжелерді, бала тамақтарын, сусындарды, жеміс коктейльдерін және сүт коктейльдерін әзірлеуге қолайлы.

Барынша жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін жоғарғы жылдамдықты қолданыңыз.

### Құрастыру және қолдану

- ActiveBlade саптамасын (6) мотор бөлігіне салғанда, сырт еткен дыбыс естілуі тиіс.
- Араластыру үшін ActiveBlade саптамасын қоспаның ішіне салыңыз. Содан кейін, құрылғыны жоғарыда көрсетілгендей қосыңыз.
- Жайлап жоғары-төмен қозғалтып, ингредиенттерді қажетті консистенцияға

жеткізіңіз. ActiveBlade саптамасы түсірілген күшке байланысты төмендеп, жүзі ұзарады.

- Пайдаланғаннан кейін қол blenderін қуат көзінен суырыңыз да, ActiveBlade білігін ажырату үшін EasyClick Plus босату түймелерін (5) басыңыз.

### Сақтандыру

- Сұйықтықтар немесе ингредиенттер араластыру саптамасының жасыл сызығынан аспауы тиіс.
- Егер құрылғыны ыстық тағамды кәстрөлдің немесе қазанның ішінде мыжу үшін қолданатын болсаңыз, кәстрөлді немесе қазанды қызу ошағынан алып тастаңыз және сұйықтықтың қайнау үрдісі тоқтауын күтіңіз. Күйіп қалмас үшін ыстық тамақты аздап суытып алыңыз.
- Ыстық қазан пештің үстінде тұрса, қол blenderін қазанның ішінде қалдырмаңыз.
- ActiveBlade саптамасымен кәстрөлдердің немесе қазандардың түбін сырып алмаңыз.
- 2 минуттан ұзағырақ үздіксіз пайдаланбаңыз.
- Жалғастырмас бұрын құрылғы суығанша 5 минут күтіңіз.

### Рецепт мысалы: Майонез

250 г май (мысалы, күнбағыс майы)

1 жұмыртқа және қосымша 1 жұмыртқаның сарысы

1–2 ас қасық сірке суы

Дәм шығару үшін тұз бен бұрыш

- Барлық ингредиенттерді (бөлме температурасында) өлшеуіш ыдыстың ішіне жоғарыда көрсетілген ретімен салыңыз.
  - Қол blenderін өлшеуіш ыдыстың түбіне салыңыз. Май майғындала бастағанша Turbo жылдамдықпен араластырыңыз.
  - Қол blenderі жұмыс істеп тұрған уақытта, саптаманы қоспаның үстіне баяу көтеріңіз және май қалдығы араласып кету үшін қайта батырыңыз.
- ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН: Өңдеу уақыты: салаттар үшін шамамен 1 минут және майлы майонездер үшін шамамен 2 минут (мысалға, тұздық).

## **Араластырғыш жабдығы (B)**

Араластырғышты тек қана кілегей, жұмыртқаның ақуызын шайқауға және бисквит пен дайын қоспа десерттерін әзірлеуге қолданыңыз.

### Құрастыру және қолдану

- Араластырғышты (8b) беріліс қорабына (8a) бекітіңіз.
- Мотор бөлігін құрастырылған араластырғыш қосымшасымен қатар қойып, сырт еткен дыбыс естілгенше екеуін итеріңіз.
- Пайдаланып болғаннан кейін қуат көзінен суырыңыз да, қозғалтқыш бөлікті ағытып алу

үшін EasyClick Plus босату батырмаларын басыңыз. Содан кейін араластырғышты беріліс қорабынан тартып алыңыз.

- 3 минуттан ұзағырақ үздіксіз пайдаланбаңыз.
- Жалғастырмас бұрын құрылғы суығанша 3 минут күтіңіз.

### Жоғарғы нәтижеге жету кеңестері

- Араластырғышты сәл көлденең ұстап, сағат бағытымен қозғаңыз.
- Шашыратып алмас үшін, баяу бастаңыз және терең ыдыс пен терең таба қолданыңыз.
- Араластырғышты алдымен ыдысқа салыңыз, тек содан кейін ғана құрылғыны қосыңыз.
- Жұмыртқа ақуызын шайқамас бұрын, араластырғыштың және араластыру ыдысының таза болуын және майлы болмауын тексеріңіз. Жұмыртқа ақуызының мөлшерін 4-тен асырмаңыз.

### Рецепт мысалы: Шайқалған кілегей

400 ml суыған кілегей (құрамы кем дегенде 30% майлы, 4 - 8 °C)

- Баяу жылдамдықпен бастаңыз (ауыстырғышқа аздап қана күш салып) және шайқау барысында жылдамдықты ұлғайтыңыз (ауыстырғышқа салған күшті күшейтіп).
- Шайқау барысында үлкенірек және тұрақтылау көлемге қол жеткізу үшін әрқашан жаңа алынған әрі суыған кілегейді қолданыңыз.

## **Пюре жабдығы (C)**

Пюре жабдығын картоп, тәтті картоп, қызанақ, қараөрік және алма сияқты жемістер мен пісірілген көкөністерді езу үшін қолдануға болады.

### Қолданар алдында

- Қатты немесе піспеген тағамды қолданбаңыз, себебі құрылғының бұзылуы мүмкін.
- Тастар немесе қатты заттарды алып тастаңыз; жемісті/көкөністі мыжу үшін, алдымен пісіріп, одан кейін суын төгіңіз.

### Құрастыру және қолдану

- Беріліс қорабын (9a) саптамаға (9b) сағат тілімен бұрап орнатыңыз.
- Пюре жабдығын төңкеріп, қалақшаны (9c) орталық торабының үстінен асыра дәлдеп салып, сағат тіліне қарсы бұраңыз. (Егер беріліс қорабы дұрыс орнатылмаса, қалақша орнында нық тұрмайды).
- Құрастырылған пюре жабдығын мотор корпусымен қатарлап қойып, екі бөлшекті біріктіріңіз. Жалғаңыз.
- Езгіш қосымшасын ингредиенттердің ішіне батырыңыз және құрылғыны қосыңыз.
- Езгіш қосымшасын ақырындап жоғары-төмен қозғап, ингредиенттер қажетті консистенцияға жеткенше езіңіз.

- Ақылды жылдамдық ауыстырғышын жіберіңіз және пюре жабдығы айналуын толығымен тоқтатқанда ғана оны тағамнан алыңыз.
- Қолданыстан кейін құрылғыны розеткадан ажыратыңыз. Қалақшаны (9с) сағат бағытымен бұрап алыңыз.
- Езбе керек-жарағын қозғалтқыш бөліктен ағытып алу үшін EasyClick Plus (5) босату батырмаларын басыңыз. Беріліс қорабын сағат тілінің бағытына қарсы бұрап, ұңғыдан ағытып алыңыз.

### Сақтандыру

- Пюре жабдығын кәстрөлге салып, тікелей пеш үстіне қойып қолдануға болмайды.
- Алдымен соус аяғын оттан түсіріп, суытып алыңыз.
- Кәстрөлді немесе аяқты тұрақты әрі тегіс жерге орнатыңыз және оны бос қолыңызбен ұстап тұрыңыз.
- Қолданыс кезінде немесе қолданыстан кейін пюре жабдығын тамақ пісіру ыдысының шетіне соғып қақпаңыз. Артық тамақты алу үшін қалақшаны қолданыңыз.
- Нәтижесі жақсы болу үшін, әзірлеу барысында кәстрөлге немесе ыдысқа тағамды толтырмай салыңыз.
- 1 минуттан ұзағырақ үздіксіз пайдаланбаңыз.
- Жалғастырмас бұрын құрылғы суығанша 4 минут күтіңіз.

### Рецепт мысалы: Картоп пюресі

1 kg пісірілген картоп

200 ml жылы сүт

- Картопты ыдыстың ішіне салып, 30 секундтай мыңыңыз (ақылды жылдамдық ауыстырғыштың жылдамдығы 3/4).
- Сүтті қосыңыз. Тағы да 30 секунд мыңыңыз.

## **Турау жабдығын (D)**

(10) тураушы ет, қатты ірімшік, пияз, шөп, сарымсақ, көкөністер, нан, крекер және жаңғақтарды турау үшін қолайлы.

«тс» турағышы үшін ингредиенттердің мөлшерін макс. сызығынан асырмаңыз.

«нс» және «тс» турағышы үшін ингредиенттердің мөлшерін макс. сызығынан асырмаңыз.

«нс» тураушы үшін ингредиенттердің мөлшерін максималды сызығынан асырмаңыз. «нс» турағышын ең ұзақ қолдану уақыты: Ылғалды ингредиенттердің үлкен мөлшері үшін 1 минут, құрғақ немесе қатты ингредиенттер үшін 30 секунд.

ЕСКЕРТПЕ: қайтадан пайдалану алдында кемінде 3 минут аралық қалдырыңыз (ақауларды болдырмау үшін). Мотор жылдамдығы баяулаған кезде және/немесе тербеліс пайда болған кезде өңдеу барысын дереу тоқтатыңыз.

Тамақ мөлшері, уақыт және жылдамдық жайлы кеңестерді D нұсқаулығынан қараңыз.

### Қолданар алдында

- Оңай туралу үшін тағамды алдын ала ұсақтап турап алыңыз.
- Жүздеріне зақым келмеу үшін еттің сүйектерін, сіңірін және шеміршектерін алып тастаңыз.
- Сырғуға қарсы сақина (10е) турау табағының түбіне бекітіліп тұрғанына көз жеткізіңіз.

### Құрастыру және қолдану

- Жүздің пластик қабын абайлап алыңыз.
- Жүздері (10b/10с) өте өткір! Оларды әрдайым пластиктен жасалған жоғарғы бөлігінен ұстаңыз.
- Жүзді турау табақшасының (10d) орталық білігіне орнатыңыз. Төмен қарай басып, орнына бекітілуі үшін бір рет бұраңыз.
- Турау ыдысына тағамды салып, қақпағын жабыңыз (10а).
- Мүз ұнтақтау үшін арнайы мүз ұнтақтауға арналған жүзді (10с) пайдаланыңыз.
- Турауыш пен мотор бөлігін (4) қатар қойып, оларды біріктіріңіз.
- Турауышты қолдану үшін құрылғыны қосыңыз. Жұмыс кезінде мотор бөлігін бір қолыңызбен, ал турау ыдысын екінші қолыңызбен ұстап тұрыңыз.
- Қаттылау тағамдарды (мысалы, пармезан ірімшігі) әрқашан жоғарғы жылдамдықпен тураңыз.
- Турап болған соң қуат көзінен суырып, қозғалтқыш бөлікті ағытып алу үшін EasyClick Plus босату батырмаларын (5) басыңыз.
- Қақпақты жоғары көтеріңіз. Ыдысты босатпас бұрын, жүзді абайлап алып шығыңыз. Жүзді алып шығу үшін оны сәл бұрыңыз, содан кейін тартып алыңыз.

### Сақтандыру

- Қабығынан тазартылмаған жаңғақтар, мүз шаршылағы, кофе дәндері, дәндер немесе жұпар жаңғағы сияқты қатты дәмдеуіштерді және қатты тағамдар үшін турау жабдығын қолданбаңыз. Аталған тағамдар жүздерге зақым келтіруі мүмкін.
- Мүз текшелерін ұсату үшін тек арнайы мүз кескіш пышағы (10с) бар «тс» турағыш қосымша жабдығын (10) пайдалануға болады.
- Аспапты ыстық тағамды езу үшін пайдаланған кезде, сұйықтықтың қайнап тұрмағанына көз жеткізіңіз. Қүйіп қалмас үшін ыстық тамақты аздап суытып алыңыз.
- Турау ыдысын микротолқынды пеште қолдануға болмайды.

### «нс» Рецепт мысалы: Бал қосылған өрік (құймақ салмасы немесе тосап ретінде)

50 g қара өрік

75 g қою бал

70 ml су құйыңыз (ванилин қосылған)

- «Һс» турау ыдысына қара өрік пен балды салыңыз.
- ТоОазыт ыш а 3°C температурамен 24 сағат а ойыОыз.
- 70 мл су қосыңыз (ваниль дәмі бар).
- Тағы 1,5 секундқа ең үлкен жалдамдықпен турауды жалғастырыңыз.

«Һс» турау жарағын (қосымша жарақты Braun сервис орталығынан сатып алуға болады; бірақ кез келген елде бола бермейді) пайдалану.

## Текше турағышы бар тағам комбайны жабдығы XL

Текше турағышы бар тағам комбайнын (11) келесі әрекеттер үшін қолдануға болады:

- Турау, араластыру және құймақ қамырын илеу араластыру;
- қамыр илеу және торт қамырын дайындау, ең көбі 500 г ұн негізінде (торт қамыры тек қамыр құралын қамтитын үлгілерде мүмкін (11к));
- тілу, ұсақтау, ұзыншақтап кесу, фри картобын жасау;
- текше турау.

### Турау (Е)

(11i) жүзін қолданып ет, қатты ірімшік, пияз, шөп, сарымсақ, көкөністер, нан, крекер және жаңғақтарды турауға болады.

Тағам мөлшері, уақыт және жылдамдық жайлы кеңестерді Е нұсқаулығынан қараңыз.

### Қолданар алдында

- Оңай туралу үшін тағамды алдын ала ұсақтап турап алыңыз.
- Жүздеріне зақым келмес үшін еттің сүйектерін, сіңірлерін және шеміршектерін алып тастаңыз.
- Шөптердің сабақтарын және жаңғақтардың қабығын алып тастаңыз.
- Сырғуға қарсы резеңке сақинасы (11h) турау ыдысының түбіне кигізілгенін тексеріңіз.

### Құрастыру және қолдану

- Турағыш жүзінің қақпағын (11j) жүзден ақырын алыңыз.
- (11i) жүзі өте өткір! Оны әрдайым пластиктен жасалған жоғарғы бөлігінен ұстаңыз және абайлаңыз.
- Жүзді табақшаның (11g) орталық білігіне орнатыңыз. Төмен қарай басып, орнына бекітілуі үшін бір рет бұраңыз.
- Ыдысқа тағамдарды салыңыз. Шашырандылардан қорғағышты (11f) кіргізіңіз.
- Содан кейін «шырт» етіп қосылғанша қақпақты (11а) басыңыз.
- Мотор бөлігін (4) қосқышқа (11b) бекітіңіз.
- Құрылғыны қуат көзіне жалғап, итергішті (11с) мұржаға (11d) салыңыз.

- Комбайнды қолдану үшін құрылғыны қосыңыз. Жұмыс кезінде мотор бөлігін бір қолыңызбен, ал турау ыдысын екінші қолыңызбен тұтқасынан ұстап тұрыңыз.
- Турап болған соң қуат көзінен суырып, қозғалтқыш бөлікті ағытып алу үшін EasyClick босату батырмаларын (5) басыңыз.
- Қақпақты көтеру үшін қақпақ бекітпесін (11е) басыңыз. Содан кейін қақпақты шашырандылардан қорғағыштан алыңыз.
- Ыдысты босатпас бұрын, жүзді абайлап алып шығыңыз. Жүзді босату және алып шығу үшін оны сәл бұрыңыз, содан кейін тартып алыңыз.

### Сақтандыру

- Қабығынан тазартылмаған жаңғақтар, мұз шаршылары, кофе дәндері, дәндер немесе жұпар жаңғағы сияқты қатты дәмдеуіштерді және қатты тағамдарды турау үшін комбайнды қолданбаңыз. Аталған тағамдар жүздерге зақым келтіруі мүмкін.
- Комбайн ыдысын микротолқынды пеште қолдануға болмайды.

Жүзді (11i) пайдаланып сонымен бірге 500 г-ға дейін ұн қосылған құймақ қамырын араластыруға болады.

### Рецепт мысалы: Құймақ қамыры

750 ml сүт  
500 g еленген ұн  
4 жұмыртқа

- Сүтті ыдысына құйыңыз, содан кейін ұнды және жұмыртқаларды қосыңыз.
- Сұйық қамырды біркелкі болғанша жоғары жылдамдықпен араластырыңыз.

Пышақпен ауырлау қамырларды дайындамау керек. Ауырлау қамырлар үшін қамыр құралын немесе илеу ілгегін (11к/11l) пайдаланыңыз.

### Қамыр құралы және илеу ілгері (Е)

Е суреті сонымен бірге қамыр құралын (11к) және илеу ілгегін (11l) пайдалануға қатысты (үлгіге байланысты).

Қамыр құралы ашытқы немесе кондитер бұйымдары сияқты әртүрлі қамырларды илеу және араластыру және бисквиттік қоспаларды араластыру үшін тамаша.

Илеу ілмегі ашытқы немесе тәтті қамыр сияқты түрлі қамыр түрлерін әзірлеуге қолайлы.

Ең көп мөлшерлерді, ұсынылатын уақыттарды және жылдамдықтарды Е илеу нұсқаулығынан қараңыз.

### Құрастыру және қолдану

- Қамыр құралын ыдыстың (11g) орталық білігіне орнатыңыз. Төмен қарай басып, орнына бекітілуі үшін бір рет бұраңыз.
- Табақты үнмен толтырыңыз (500 g асырмай), содан кейін сұйықтықтардан басқа ингредиенттерді қосыңыз.

- Құрылғыны максималды жылдамдықта бұрыңыз.
- Мотор қосылып тұрғанда сұйықтықты қақпақтың мұржасы арқылы құйыңыз. **ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН:** Илеу уақытының ұзақтығы: 1 минут, содан кейін мотор суығанша 10 минут күтіңіз.

#### Рецепт мысалы: Пицца қамыры

500 g еленген ұн

1 шай қасық тұз

1 шай қасық құрғақ ашытқы

10 ас қасық зәйтүн майы

300 ml су (жылы)

- Судан басқа барлық ингредиенттерді ыдысқа салыңыз және илей бастаңыз.
- Мотор қосылып тұрғанда сұйықтықты қақпақтың мұржасы арқылы құйыңыз.

#### Рецепт мысалы: Тәтті қамыр

500 g еленген ұн

340 g тұзсыз сары май (суық/қатты, кішкене

бөлшектер)

160 g қант

2 ванилин қанты

2 шағын жұмыртқа

2 шымшым тұз

- Сары май мен қантты ыдысқа салып, илей бастаңыз. Жақсы нәтижеге жету үшін суық сары майды қолданыңыз.
- Ұнды және қалған ингредиенттерді қосыңыз.
- Шамадан тыс илеуден қамыр тым жұмсақ болып кетеді. Қамыр доп пішініне келгеннен кейін илеуді тоқтатыңыз.
- Жалғастырмас бұрын қамырды тоңазытқыштың ішінде бір жарым сағат бойы суытыңыз.

#### Рецепт мысалы FPXL: Торт қамыры

500 g еленген ұн

200 g қант

200 g тұзсыз сары май (суық/қатты, кішкене

бөлшектер)

3 жұмыртқа

1 ванилин қанты

1 қопсытқыш ұнтақ

200 ml сүт

- Ыдысқа ұнды және сүттен басқа барлық басқа ингредиенттерді қосып, илеуді бастаңыз.
- Біркелкі масса пайда болғанша жұмыс істеп тұрғанында сүтті біртіндеп қосыңыз.

#### Текше турағыштағы рецепт мысалы: Тәтті қамыр

500 g еленген ұн

80 g қант

80 g тұзсыз сары май (суық/қатты, кішкене

бөлшектер)

1 жұмыртқа

7 g ашытқы

375 ml сүт

- Ыдысқа ұнды және сүттен басқа барлық басқа ингредиенттерді қосып, илеуді бастаңыз.

- Жұмыс істеп тұрғанда сүтті біртіндеп қосыңыз және ыдысқа жабыспайтын шарға айналғанша массаны баяу илеңіз.
- Қамырдың 2 сағат бойы жылы жерде көтерілуіне мүмкіндік беріңіз.

#### Тілу / үгу / ұзыншақтап кесу / фри картобы (F)

Шики жемістер мен көкөністерді жіңішке қылып кесу үшін жіңішке және қатқыл кесу тілімшелерін (i) қолданыңыз; мысалы: қияр, пияз, саңырауқұлақ, алма, сәбіз, шалқан, картоп, цуккини және орамжапырақ.

Алма, сәбіз, картоп, қызылша, орамжапырақ, ірімшік (мысалы, пармезан) сияқты тағамдарды ұсақтау үшін ұсақ және ірі пластина жүздерін (ii) қолданыңыз.

Жемістер мен көкөністерді ұзыншақтап кесу үшін арнайы тілімшелерді (iii) қолданыңыз.

Фри картобын әзірлеу үшін фри картобына арналған дискіні (11q) қолданыңыз.

Ұсынылған жылдамдықтарды F нұсқаулығынан қараңыз.

#### Құрастыру және қолдану

- Тілімше ұстағышының (11p) немесе фри картобына арналған дискінің (11q) тесіктеріне қол жеткізіп, диск оқпанын (11r) бекітіңіз және құлыпталғанша солға қарай бұрыңыз.
- Кесу және ұсақтау үшін пластинаны пластина ұстатқышының (11p) ішіне орнатыңыз да, орнына сырт еткізіп бекітіңіз. Тілімше тілімше ұстағышына толығымен кіргенін және ауытқа қалмағанын тексеріңіз. Құрастырылған тілімше ұстағышын немесе фри картобына арналған дискіні табақтың орталық білігіне салып, орнына бекітілгенше бір рет бұраңыз.
- Шашырандылардан қорғағышты (11f) ыдысқа салыңыз және қақпақты (11a) «шырт» етіп қосылғанша басыңыз.
- Мотор бөлігін қосқышқа бекітіңіз.
- Құрылғыны қуат көзіне жалғаңыз және тағамды мұржа ақылы салыңыз.
- Фри картобының нәтижесі жақсы болу үшін, моторы өшіп тұрған күйінде мұржадан 3 - 4 картоп кесегін салыңыз (көлеміне байланысты).
- Жұмысты бастау үшін құрылғыны қосыңыз. Құрылғы қосылып тұрғанда, мұржаға қолыңызды ешуақытта тигізбеңіз. Тамақты қозғау үшін ерқашан итергішті қолданыңыз.
- Пайдаланып болғаннан кейін қуат көзінен суырыңыз да, қозғалтқыш бөлікті ағытып алу үшін EasyClick Plus босату батырмаларын басыңыз.
- Қақпақты көтеру үшін қақпақ бекітпесін (11e) басыңыз. Содан кейін қақпақты шашырандылардан қорғағыштан алыңыз.
- Ыдысты босатпас бұрын, тілімше ұстағышын немесе фри картобына арналған дискіні абайлап алып шығыңыз. Тілімше ұстағышын

немесе фри картобына арналған дискіні алу үшін азгантай бұрыңыз, содан кейін тесіктерге саусақтармен қол жеткізу арқылы оны шығарыңыз.

- Тілімшені алу үшін тілімше ұстағышының түбінен шығып тұрған бір ұшын итеріңіз.
- Ең көп өңдеу мөлшері толтырылған ыдыстардан 5 есе көп нұсқаулық суретіне сай болады.
- Өңдеуді жалғастыру алдында құрылғыны 30 минут бойы суытыңыз.

### **Текшелерге турау (G)**

Шикі және әзірленген көкөністер мен жемістерді шағын текшелерге (мысалы, салаттар, сорпалар және десерттер үшін) турау үшін текше турағышты пайдаланыңыз.

Ұсынылған жылдамдықтарды G нұсқаулығынан қараңыз.

### **Қолданар алдында**

- Жемістердің сүйектерін шығарыңыз. Қатырылған тамаққа рұқсат етілмейді, ол жүздерді зақымдауы мүмкін.
- Сырғуға қарсы резеңке сақинасы (11h) турау ыдысының түбіне кигізілгенін тескеріңіз.

### **Құрастыру және қолдану**

- Бірінші пайдалану алдында текше турағыш жүзінің (11m) кесу жиегінен қағаз қорғағышты ақырын алыңыз және лақтырыңыз.
- Текше турағыш жүзін текше турағыш негізінің (11n) орталық істігіне қойыңыз және орнына «шырт» етіп түскенше бұрыңыз.
- Шашырандылардан қорғағышты және құрастырылған текше турағыш блогын бір біріне тураланған таңбалармен туралаңыз және блоктар қатты қосылғанша сағат тіліне қарсы бұрыңыз.
- Құрастырылған текше турағыш блогын ыдысқа салыңыз және орнына «шырт» етіп түскенше қақпақты басыңыз.
- Мотор бөлігін қосқышқа бекітіңіз.
- Құрылғыны қуат көзіне жалғаныз және тағамды мұржа ақылы салыңыз.
- Жұмысты бастау үшін құрылғыны қосыңыз. Құрылғы қосылып тұрғанда, мұржаға қолыңызды ешуақытта тигізбеңіз. Тамақты қозғау үшін әрқашан итергішті қолданыңыз.
- Пайдаланып болғаннан кейін қуат көзінен суырыңыз да, қозғалтқыш бөлікті ағытып алу үшін EasyClick Plus босату батырмаларын басыңыз.
- Қақпақты көтеру үшін қақпақ бекітпесін (11e) басыңыз. Содан кейін қақпақты шашырандылардан қорғағыштан алыңыз.
- Текше турағыш блогын бөлшектеу үшін шашырандылар қорғағышын құлып ашылғанша сағат тілімен бұрыңыз.
- Бұру және жоғары қарай көтеру арқылы текше турағыш жүзін ақырын алыңыз.

- Текше турағыш негізін аударыңыз және кез келген қалдықтарды кетіру үшін тазалау итергішін (11o) пайдаланыңыз.

### **Жоғарғы нәтижеге жету кеңестері**

- Текшелерге турау алдында әзірленген тамақты суыту керек, өйткені нәтижелер қаттырақ және жақсырақ болады.
- Emmentaler сияқты орташа қатты ірімшікті өңдеуге болады, Gouda, Mozzarella немесе Parmesan сияқты өте жұмсақ немесе өте қатты ірімшіктерді өңдеу мүмкін емес.
- Бір дайындағанда әртүрлі тағамдарды өңдеп жатсаңыз, әрқашан ең жұмсағынан бастаңыз және ең қаттысымен аяқтаңыз. Осылайша сіз барлық тағамдарды арасында торды тазалаусыз өңдей аласыз.
- Текше турағыш шикі етті өңдеуге жарамайды.
- Өңдеу алдында көкөністердің қабығын ашыңыз (әсіресе, картоптың және асқабақ сияқты қабығы қатты көкөністердің). Әйтпесе қабықтан кесу торында тұрып қалып, тазалауға көбірек күш жұмсауыңыз мүмкін.

### **Сақтандыру**

- Жүздер өте өткір. Бөлшектерді тек пластик құрамдастарынан ұстаңыз.
- Қабығынан тазартылмаған жаңғақтар, мұз шаршылары, кофе дәндері, дәндер немесе жұпар жаңғағы сияқты қатты дәмдеуіштерді және қатты тағамдарды өңдеу үшін текше турағышы бар комбайнды қолданбаңыз. Аталған тағамдар жүздерге зақым келтіруі мүмкін.
- Толығымен толмай тұрып ыдысты босатыңыз.
- Майлы тағамдарды өңдеуден кейін текше турағыш жүзі сырғанақ болып кетуі мүмкін. Алған кезде ерекше сақ болыңыз.
- Тазалау итергішін тек текше турағыш негізінің төменгі жағынан пайдалануға болады. Үстінен пайдалансаңыз, тазалау итергішінің пластик бөліктері кесілуі мүмкін.
- Комбайн ыдысын микротолқынды пеште қолдануға болмайды.
- Ең көп өңдеу мөлшері толтырылған ыдыстардан 5 есе көп нұсқаулық суретіне сай болады.
- Өңдеуді жалғастыру алдында құрылғыны 30 минут бойы суытыңыз.

### **Рецепт мысалы: «Оливье» салаты**

6 қайнатылған, суытылған картоп  
150 г әзірленген шұжық  
6 көп қайнатылған жұмыртқа  
2 қайнатылған сәбіз

4 корнишон

1 бұршақ консерв құтысы

400 г майонез

200 г қаймақ

Ақжелкен және аскөк шөптері

Дәм шығару үшін тұз бен бұрыш

- Жұмыртқаларды, әзірленген шұжықтарды, сәбіздерді, корнишондарды және



картоптарды толық жылдамдықпен

текшелерге тураңыз.

- Барлық туралған ингредиенттерді салат ыдысында бұршақпен араластырыңыз
- Талғамыңызға сай тұз, бұрыш, ақжелкен және аскөк шөптерін қосыңыз және майонез және қаймақ құйыңыз.

## Күту және тазалау (H)

- Қол блендерін және жарамды қосалқы құралдарды бірінші рет пайдаланудан кейін әрқашан мұқият және әрбір пайдаланудан кейін сумен және жуғыш затпен тазалаңыз.
- Қол блендерін тазалағанда, оны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Мотор бөлігін (4) немесе беріліс қораптарын (8a, 9a, 11a) суға немесе өзге сұйықтыққа батырмаңыз. Дымқыл матамен сүртіңіз.
- Қақпақты (10a) ағып жатқан судың астына қойып шаюға болады. Суға батырмаңыз және ыдыс жуатын машинаға салмаңыз.
- Жақсырақ тазалау үшін сақтауға қою үшін тұрғыны бөлшектеуге болады.
- Басқа бөлшектерін ыдыс жуатын машинамен жууға болады. Бетіне сызат түсіруі мүмкін ысқыш тазалағыш заттектерді қолданбаңыз.
- Жақсылап тазалау үшін, табақтардың түбіндегі сырғуға қарсы резеңке сақиналарын алып қойсаңыз болады.
- Құрамында пигменті жоғары тағамдарды қолданғанда (мысалы, сәбіз немесе куркума), керек-жарақтың түсі кетуі мүмкін. Бұл бөліктерді жумас бұрын, оларды өсімдік майымен сүртіп алыңыз.

## Кепілдік және қызмет көрсету

Егжей-тегжейлі ақпаратты бөлек кепілдік және қызмет көрсету парақшасында қараңыз немесе [www.braunhousehold.com](http://www.braunhousehold.com) сайтына кіріңіз.

Техникалық сипаттамасы сияқты, қолданыс нұсқаулықтары да ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Өнім қолданыстан шыққанда басқа үй қоқысымен бірге тастамаңыз. Еліңіздегі Braun қызмет көрсету орталығына немесе тиісті жинау орталықтарына өткізуіңізге болады.



## Шығарылған жылы

Шығарылған жылын белгілеу үшін бұйым тақташасындағы 5-сандық шығарушы кодын қараңыз. Шығарушы кодының бірінші саны шығарған жылдың соңғы санын білдіреді. Келесі 2 сандар шығарылған жылдың күнтізбелік апта санын білдіреді. Ал соңғы 2 сандар 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептелген басып шығару мерзімін білдіреді. Мысалы: 30421 – Бұйым 2013 жылының 4 аптасында шығарылған.

## ЕАС

<b>Үлгі</b>	MQ 9175-9187-9195
<b>Кернеу</b>	220 – 240 В
<b>Герц</b>	50 – 60 Гц
<b>Ватт</b>	1000- 1200 Вт
<b>Сақтау шарттары:</b>	температура: +5°C және +45°C Ылғалдылық: < 80%

Румынияда жасалған  
Делонги Браун Хаусхолд ГмБХ  
Германия Занды өндіруші:  
Делонги Браун Хаусхолд ГмБХ  
Карл-Улрих-Штрассе ң  
63263 Ной-Изенбург

Бұйымды іске пайдалану нұсқаулығына сәйкес өз мақсатында пайдалану керек. Бұйымның қызмет мерзімі тұтынушыға сатылған күннен бастап 2 жылды құрайды.

Импортер:  
«Делонги» ААҚ, Ресей, 127055,  
Москва қаласы, Сушѐвская көшесі,  
27/3-үй (27-үй, 3-құрылым)  
Тел. +7 (495) 781-26-76

**Сақталу мерзімі:** Шектелмеген

**Арылу жағдайлары:** Қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес

**Тасымалдау жағдайлары:** Тасымалдау кезінде құлатып алуға немесе шамадан тыс шайқалтуға болмайды.

**Сату жағдайлары:** Сату жағдайларын өндіруші көрсетпеген, бірақ олар жергілікті, мемлекеттік және халықаралық ережелер мен стандарттарға сай болуға тиіс

**Өндіруші зауыт:**

De'Longhi Braun Household GmbH,  
Carl-Ulrich-Strasse 4,  
63263 Neu Isenburg, Germany

## Ақаулықтарды анықтау нұсқаулығы

Ақаулық	Ықтимал себептері	Шешімі
Қол блендері жұмыс істемейді.	Электр қуаты жоқ	Аспаптың электр розеткасына сұғулы екенін тексеріңіз. Үйдегі сақтандырғышты / қысқа тұйықтағышты тексеріңіз. Жоғарыдағылардың ешқайсысы болмаса Braun тұтынушыларды қолдау қызметіне хабарласыңыз.
Қол блендері ыстық және жұмыс істемейді	Құрылғы қызып кеткен және қызып кету қорғанысы белсендірілді	Құрылғыны бір сағат бойы суытыңыз. Бұл уақыттан кейін қол блендерін қайтадан пайдалануға болады.
Қақпақты (берілістер қорабы бар) толығымен жабу мүмкін емес	FPXL ыдысы және қақпақ (берілістер қорабы бар) арасында тамақ тұрып қалған	Қақпақты (берілістер қорабы бар) ашып, тамақ қалдықтарын кетіріңіз
	Құрал FPXL ыдысына толығымен салынбаған	Құралды орнында құлыпталғанша азғантай төмен қарай басып тұрып, қолмен бұрыңыз
	Тек текше турағышы: Текше турағышы шашырандылардан қорғағышқа қосылмаған немесе дұрыс қосылмаған	Қақпақты (берілістер қорабы бар) FP ыдысына қою алдында текше турағышын шашырандылардан қорғағышқа бекітіңіз (дұрыс туралау таңбаларын ескеріңіз)
	Тек текше турағышы: Текше турағышы кесу торындағы тамақ қалдықтарымен бұғатталған	Текше турағышын ашыңыз және тордан тамақты алыңыз
	Дұрыс қосылмаған	Дұрыс қосыңыз
Қақпақты (берілістер қорабы бар) су бар	Қақпақ (берілістер қорабы бар) суға кездейсоқ батырылған немесе ыдыс жуу машинасына салынған	Мотор бөлігінің муфтасы ішіндегі резеңке тығынды алыңыз. Суды төгіңіз. Тығынды қайта орнатыңыз. Сақтық ескерту: Қақпақтағы (берілістер қорабы бар) су құрылғыны зақымдайды. Сондықтан бұл сипатталған әдісті қақпақты (берілістер қорабы бар) ыдыс жуу машинасына қою үшін пайдаланбау керек
Құралдардың (қамыр құралы, илеу ілгегі, жүз немесе диск оқпаны) біреуінде су бар	Әсер етілген құралдан сұйықтық ағуы	Ауыстыруы үшін Braun сервистік орталығына хабарласыңыз


# Русский

Наши продукты соответствуют самым высоким стандартам качества, функциональности и дизайна. Мы надеемся, что вам понравится ваш новый прибор Braun.

## Перед использованием

Тщательно и полностью прочитайте данные инструкции перед началом использования прибора, а также сохраните их для получения справки в будущем. Снимите всю упаковку и наклейки; утилизируйте их надлежащим образом.


### Внимание

-  Ножи очень острые! Во избежание травм, пожалуйста, обращайтесь с ножами с особой осторожностью.
- При обращении с острыми режущими ножами, опустошении емкости и во время чистки следует соблюдать осторожность.
- Устройство может использоваться лицами с ограниченными физическими, сенсорными или умственными способностями или лицами, не обладающими достаточным опытом и знаниями, при условии, если использование осуществляется под надзором или они прошли инструктаж по безопасному использованию устройством и осознают потенциальные опасности.
- Детям запрещено играть с прибором.
- Устройство не предназначено для использования детьми.
- Хранить прибор и его главный соединительный кабель вдали от детей.
- Запрещена чистка и уход за прибором детьми без присмотра.
- Всегда отключайте прибор от сети или выключайте его, если он остаётся без присмотра, а также перед сборкой, разборкой, чисткой или хранением.
- Если соединительный кабель поврежден, то его должен заменить

Если соединительный кабель поврежден, то его должен заменить производитель, сервисная служба или специалисты такой же квалификации с целью предотвращения опасности для пользователя.

- Перед подключением, проверьте соответствие напряжения в сети напряжению, указанному на приборе.
- Данный прибор предназначен исключительно для бытового использования и рассчитан на переработку объемов продукции в масштабах домашнего хозяйства.
- Детали прибора не предназначены для использования в микроволновых печах.
- Перед первым использованием очистите все детали надлежащим образом в соответствии с указаниями раздела «Уход и чистка».

## Детали и принадлежности

- 1 Переключатель режимов imode
  - a Высокая скорость
  - b Низкая скорость
  - c Пульсация
- 2 Предохранительная кнопка 
- 3 Бесступенчатый переключатель скорости / регулировка скорости „||||“
- 4 Моторный блок
- 5 Кнопки фиксатора EasyClick Plus
- 6 Стержень ActiveBlade
- 7 Мерный стакан с крышкой
- 8 Насадка-венчик
  - a Редуктор
  - b Венчик
- 9 Насадка для пюре
  - a Редуктор
  - b Стержень насадки для пюре
  - c Лопатка
- 10 Насадка-измельчитель, 500 мл «mc»
  - a Крышка (с передаточным механизмом)
  - b Нож-измельчитель
  - c Нож для колки льда
  - d Чаша измельчителя
  - e Резиновое кольцо, препятствующее скольжению
- 11 Насадка для кухонного комбайна XL на 2000 мл с кубиконарезкой «fpl»
  - a Крышка (с передаточным механизмом)
  - b Муфта для соединения с моторным блоком

- c Толкатель
  - d Загрузочная трубка
  - e Фиксатор крышки
  - f Крышка для защиты от брызг
  - g Чаша кухонного комбайна
  - h Резиновое кольцо, препятствующее скольжению
  - i Нож-измельчитель
  - j Крышка ножа-измельчителя
  - k Насадка для замешивания теста (FP)
  - l Крюк для теста (кубиконарезка)
  - i Нож кубиконарезки
